


Е.С. АХМЕТОВ, Т.Е. КАРБОЗОВ,
Н.С. МЫНЖАСАРОВ

ЖЕРЛЕРДІ
ЛАНДШАФТЫҚ-
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
НЕГІЗДЕ БАҒАЛЫҚ
АЙМАКТАУДЫҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


Оқу құралы



Е.С. АХМЕТОВ, Т.Е. КАРБОЗОВ, Н.С. МЫНЖАСАРОВ

ЖЕРЛЕРДІ ЛАНДШАФТТЫҚ-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕ
БАҒАЛЫҚ АЙМАҚТАУДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

5B090300 «Жерге орналастыру», 5B090700 «Кадастр»
мамандықтарына арналған оқу күралы



УДК 811.512.122

ББК 81.2 (Қаз)

А.90

Пікір сарапшылар: Бисенов Ж.А. ә.ғ.д., профессор
Жұманазаров К.Б. ә.ғ.к., профессор

А. 90 Е.С. Ахметов, Т.Е. Карбозов, Н.С. Мынжасаров
Жерлерді ландшафттық-экологиялық негізде бағалық аймактаудың ерекшеліктері.- Алматы: ЖК "Отан", 2014.- 80 б.

ISBN 9965-583-87-0

Бұл оқу күралы жоғары оқу орындарында 5B090300 «Жерге орналастыру», 5B090700 «Кадастр» мамандықтарына арналған оқу күралы оқытын студенттерге арналған.

Ландшафттық-экологиялық жерге орналастыру топырақ қоргайтын табиғатты қорғау шараларын жүргізуін негізі болып табылады. Жер ресурстарының табиги корын қалпына келтіру үшін жерге орналастыру процесінде олардың табиги-биологиялық жүйе ретінде тиімді әрекет етуін қамтамасыз етуі тиіс.

ББК 81.2 (Қаз)

УДК811.512.122

ISBN 9965-583-87-0

© Е.С. АХМЕТОВ, Т.Е. КАРБОЗОВ, Н.С.
МЫНЖАСАРОВ,, 2014
© "Отан" ЖК, 2014

МАЗМУНЫ	
Kіріспе	6
1 Жерлерді ландшафттық-экологиялық түргыда үйымдастырудың негіздері	8
1.1 Ландшафттық-экологиялық зерттеулердің казіргі жай-күйі, принциптері мен әдістері	8
1.2 Аумакты ландшафттық-экологиялық үйымдастырудың мәні және ерекшеліктері	12
2 Қызылорда қаласының табиги-экологиялық жағдайлары-ның сипаттамасы	19
2.1 Зерттеу аймагының физика-географиялық және агроклиматтық ерекшеліктері	19
2.2 Аймактың геологиялық күрьымы	24
2.3 Зерттеу нысанының топырағы мен осімдік жамылғысы	25
2.4 Ландшафттық күрьымы	28
2.5 Жер ресурстарының жай-күйі	30
3 Қызылорда қаласының аумагын тиімді пайдалану үшін ландшафттық-экологиялық аудандастыру	38
3.1 Жерге орналастыру кезінде ландшафттық жағдайларды бағалау және талдау	38
3.2 Топырак-жер ресурстарын экология-ландшафттық негізде тиімді пайдалану	39
3.3 Ландшафттық-экологиялық аудандастыру	42
3.4 Коршаған ортага асер ететін антропогендік факторларды анықтау	51
3.5 Қаланың табиги-аумактық кешеніндегі жер ресурстарының жай-күйін бағалау	57
3.6 Геожүйені қалпына келтіруді ландшафттық-экологиялық түргыдан негіздеу	60
4 Табиги-аумактық кешендерді пайдаланудың экологиялық және экономикалық тиімділігі	64
4.1 Жерлердің экологиялық жай-күйін бағалау әдіstemесі және экономикалық тиімділігі	64
4.2 Жер пайдалануды жетілдірудің үйымдастыру-шаруашылықтық механизмі	69
Көркемшылды	
Көлданылған әдебиеттер тізімі	74
Көсімшалар	76

Нормативтік сілтемелер

Берілген диссертацияда темендең нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

1. 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы № 319-ПҚРЗ.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздагы № 125 бүйрекмен бекітілген Жоғары оку орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және корытынды аттестаттау откізуінді Үлгі ережесі (өзгертулермен және толықтырулармен 2011 жылғы 16 наурыздагы № 94 бүйрек).
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 17 маусымдағы № 261 бүйрекмен бекітілген КР МЖМБС 5.04.033-2011 «Жоғары оку орынан кейінгі білім. Магистратура. Негізгі ережелер».
4. КР МЖ 08-2009. Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оку орындан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуіші.
5. П 9/11.09-2010. Магистрлік диссертацияны дайындау және корғау жоніндегі нұсқау. (М.Х.Дулати атындағы ТарМУ жоғары оку орындан кейінгі білім беру және біліктілікте арттыру институты кеңесінде бекітілген, 24.10.2010 ж. №3 хаттама).
6. ГОСТ 2762. Источники централизованного хозяйствственно-питьевого водоснабжения, Москва, 1998г.
7. Санитарные правила и нормы. СанПиН2.1.4.1074-01. «Питьевая вода. Гигиенические требования качества воды централизованных систем питьевого водоснабжения. Контроль качества», Москва, 2002г.

Белгілеулер мен қысқартуладар

Осы диссертацияда келесі белгілеулер мен қысқартуладар белгіленген:

КРБжFM	- Казақстан республикасының Білім және ғылым министрлігі
ЭГК	- экология-географиялық картографиялау
ТАК	- табиги-аумақтық кешен
ТШЖ	- табиги-шаруашылықтық жүйе
ЦДКВШ	- шекті жол берілген шығарынды
КапСұШар	- Қазақ су шаруашылығы
pH	- кынқылдық
ПДК	- рукават етілген шекті концентрация (предельно допустимая концентрация)
ПОК	- пайдалы эсер коэффициенті
ГОСТ	- мемлекеттік стандарт
СЛН	- судын ластану индексі
СПК	- суды пайдалану коэффициенті

Kіріспе

Тақырыптың өзектілігі. Жер ресурстары – еліміздің экономикалық байлығы мен алеуметтік ахуалының басты факторы, ауыстырылмайтын табиги ресурс, халық шаруашылығының барлық салаларын орналастыру мен дамытудың негізі болып табылады. Жер ресурстарының маңызды компоненттерінің бірі құнарлылық қасиеті бар топырақ жамылғысы. Топырақ табиги және мәдени өсімдіктердің өнімділік деңгейін анықтауды, оларды өсіруді қамтамасыз етеді. Сондыктан құнарлы топырақ жамылғысының болуы жерді ауыл шаруашылығы өндірісінде басты қурул ретінде пайдалану мүмкіндігін береді. Бұл ретте, топырақ жамылғысын ұтымды пайдалану мен қоргаудың экологиялық тенденцияларын негіздерін жасау адамзат қоғамының әл-ауқатын қамтамасыз етудің барынша басым міндеті болып саналады. Топырақ жамылғысын көністіктік үйімдастырудың экология-географиялық занылыштары, әртүрлі табиги аймақтар топырактарының негізгі типтерінің генетикалық ерекшеліктері, олардың қасиеті мен құнарлылығы жөніндегі толық және нақты ақпараттарды алу үшін кез келген территорияда, оның ішінде зерттеу участкесінде экологиялық тиімді жер пайдалануды жасау қажет. Адамдардың табиги ортага әсері артқанда игерілетін территорияны ұтымды пайдалану мен сақтау ерекше өзекті болып табылады.

Ландшафттық-экологиялық жерге орналастыру топырақ қорғайтын табигатты қоргау шараларын жүргізуін негізі болып табылады. Жер ресурстарының табиги корын қалпына келтіру үшін жерге орналастыру процесінде олардың табиги-биологиялық жүйе ретінде тиімді әрекет етуін қамтамасыз етү тиіс.

Коршаған ортага антропогендік жуктеменің осуі бірінші орынға оны қоргау мәселелерін, ал шаруашылықта табиги ресурстарды колдану немесе енгізу, ресурстарды тиімді пайдалану қажеттігін алға кояды.

Қызылорда облысы аймағында ауыл шаруашылығының дамуын қалыптастыратын экологиялық, үйімдастыру-экономикалық жағдайларды құруға, ғылыми негізделген жобалауга бағытталған ландшафттық-экологиялық жерге орналастыруды енгізу мәселесінің өзектілігі диссертациялық жұмыстың тақырыбын таңдауға себеп болды.

Зерттеулердің мақсаты мен міндеттері. Қызылорда облысының топырақ-жер ресурстарының жай-күйін бағалау негізінде оларды ұтымды пайдалану мен қоргаудың ғылыми негіздері анықталады. Койылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін келесі міндеттерді шешу қажет болды:

- қазіргі жер пайдалану жағдайында аймақтың ландшафттық-экологиялық өзгерістеріне баға беру;
- Қызылорда облысының жер алқаптарының өзгерістеріне талдау жүргізу, территорияның топырақ жамылғысына сипаттама беру және осының негізінде топырактың бүліну себептерін айқындау;

- табиги-шаруашылықтың жүйелерді қалпына келтіруге, қоргауға және тұрақты дамытуға бағытталған, табигат қорғайтын нұсқаулар мен практикалық іс-шаралар кешенін жасау.

Зерттеу нысанды. Қызылорда қаласының жер ресурстары.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Аймақтың табиги-шаруашылықтың жүйелерін жергілікті ландшафттық үйімдастырылуының антропогендік өзгерісінің занылыштарын анықтау;

- жер пайдаланудың қазіргі жүйелерінің өзгерістерін айқындау;
- жер пайдалануларды және ландшафттарды қоргау жөніндегі тәжірибелік ұсыныстарды жасау.

Жұмыстың негізгі қоргалатын қағидалары.

- Зерттеу аймағының топырағының ландшафттық-географиялық даму занылыштары;
- Ұтымды жер пайдалану негізі ретінде кала аумағын ландшафттық-экологиялық аудандарды;
- Сырдария олсын атырауының ландшафттарын қоргау және ұтымды пайдалану жөніндегі ұсыныстар.

Зерттеудің бастанық мәліметтері. Бастанық мәліметтер ретінде «Кер кадастры ғылыми өндірістік оргалығы» РМК Қызылорда филиалының, «Казгидромет» және Қызылорда экология Департаментінің мәліметтері пайдаланылды.

Жұмыстың өндірістік құндылығы. Зерттеу материалдары бағалауды жүргізу кезінде жер ресурстарын жоспарлау мен жобалау үшін негіз ретінде қызмет етеді, территорияның топырақ жамылғысына колайсыз күбілыштардың әсерін бақылауга, топырактың табиги құнарлылығын жаксарту жөніндегі тәжірибелік ұсыныстарды жасауга мүмкіндік береді.

Жұмыстың сынан отуі. Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары С.Сейфуллин атындағы Қазак Үлттүк агротехникалық университетінің және Акмешіт Қызылорда Гуманитарлы-техникалық институтының ғылыми-тәжірибелік конференцияларында, М.Х.Дулати атындағы ТағМУ магистранттар, аспиранттар, докторанттар мен жас оқытушыларға арналған IV ғылыми-практикалық конференциясында бағандалды.

Жұмыстың жариялануы. Диссертация тақырыбы бойынша 3 ғылыми еңбек жарияланды.

Жұмыстың құрылымы және колемі. Диссертация кіріспеден, төрт болімнен, корытындыдан және 107 пайдаланылған ғылыми әдебиеттерден тұрады. Диссертацияның жалпы колемі компьютерде терілген 96 беттен, оның ішінде 17 суреттен және 14 кестеден қуалған.

1 Жерлерді ландшафттық-экологиялық тұрғыда үйымдастырудың негіздері

1.1 Ландшафттық-экологиялық зерттеулердің көзінде жай-күйі, принциптері мен әдістері

Табигат-аумактық кешендердің калыптасуы мен өзгерісіне адамдардың шаруашылық қызметі асерінің есүіне байланысты сондық жылдардагы езекті мәселе табиги ресурстардың ұтымды пайдалану, көргөзжөн және ауыл шаруашылығы өндірісінің аумактық құрылымын жестілдіру болып табылады.

Табигат қөргөзмекшілік мақсаты үшін ландшафттық-экологиялық зерттеулердің жүргізу табиги кешендердің антропогенді асерлерге тұрақтылығын анықтаудың талдау, болжаса, мониторинг сияқты әртүрлі тәсілдерін қолдануды қарастырады. Талдау тәсілі аумактың көзінде жай-күйінің деңгейін және табигаттың пайдалану саласындағы негізгі мәселелерді айқындауга, сондай-ақ қолайсыз құбылыстар мен процесстердің пайда болу себептерін анықтауга мүмкіндік береді. Ландшафттық-экологиялық тәсіл табиги ресурстардың пайдалануды, ен алдымен бұл ресурстардың жай-күйін жақсарту үшін онтайланыруды қарастырады. [1].

Аумактың антропогенді бұзылу аймагында ландшафттық-экологиялық зерттеулердің жүргізу аумактың сенімді және толық мониторингі жүйесіне сүйенү тиіс. Мұнда мониторингтің негізгі міндеттері табиги ресурстардың жай-күйі және антропогенді асерлерден болған өзгерістер туралы ақпараттар жүйесін калыптастыру және көзінде деңгейде ұстап тұру болып табылады.

Зерттеулердің экология-географиялық бағытының калыптасуы мен дамуы – географиялық картографияның оның мәселелеріне қызыгуышылығын тудырды. Экологиялық-географиялық картографиялау (ЭГК) – коршаган ортаны қөргөзмекшілік табигаттың пайдалануды картографиялау шенберінде пайда болады және жүзеге асырылады. Табигаттың пайдалану карталары 60-шы жылдардың аяғында жасала бастады, бірақ табиги ортаның жай-күйі мен сапасын бағалаудың карталары біраз бұрын пайда болды [2].

ЭГК калыптасуының негізі 1978 жылы табигат қөргөзмекшілік мәселесін картографиялық зерттеу бойынша монографияның пайда болуы болды. Онда тиімді жер пайдаланудың міндеттерін шешу үшін зерттеудің картографиялық тәсілін қолданудың теориясы мен практикасы қарастырылған. Географиялық және картографиялық ғылыми әдебиетте «экологиялық карталар» термині пайда болды. Экологиялық карталардың екіге болуға болады: 1) тек экологиялық (сондық мақсаты – тірі табигатты аумактық тұрде көрсетілген өзекілер жынтығы ретінде қөргөзмекшілік), 2) экология-географиялық (сондық мақсаты – картографиялау масштабымен

анықталған, антропогендік өзгерісі әртүрлі дәрежедегі жер беті және су өзекілерінің жынтығы ретінде қөргөзмекшілік). [3].

Экологиялық карталардың құруда түсіндірмеле жазулар мен карталардың біріктіру үстанымы анықтап алғанда, бұл картаны колдануды жеңілдетеді. Экологиялық картографиялаудың дамуы – табигат пен қоғамның өзара қарынасының зерттеулеріндегі құрастырылымдардың күшеюіне себеп болатын оң өзгеріс.

Экологиялық картографиялаудың ландшафттық негіздегі міндеттерін А.Г.Исаченко барынша анықтап алған [4]. Бұл өзекілердің міндеттерін асерлер, өзекілердің техногендік зерттеулерге тұрақтылығын картографиялау, келешектегі экологиялық жағдайларды болтуа.

Континенттік карталардың авторлары мақсат, мәселенің откірлігі, шешім қабылдау қажеттігі, басқару және т.б. сияқты санаттарға басымдық береді [5,6]. Мұнда картографиялау объектілері экологиялық жағдайлар, экологиялық мәселелер болады. Мәселені айқындауга бағытталған картографиялаудың барынша белгілі мысалы – Б.И.Кочуровтың жетекшілігімен жасалған, 1:8 000 000 масштабты «КСРО откір экологиялық жағдайларының картасы» [7]. Бұл барынша үлкен аумактың алғашкы экологиялық шолу картасы. Алғаш рет негізгі критерийлер бойынша (ландшафттың генетикалық тұтастырылымын өзгеру, ресурстың қорындық сакталу дарежесі, халықтың тұрмыс жағдайларының сапасының өзгеру) экологиялық жағдайлардың откірлігінің бес градациясының ареалы айқындалған. Жасалған картаны талдау, ареалдың көп болғандығында алемдардың деңсаулығына тікелей асер ететін ауа мен судың ластануы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісінің нәтижесінде ландшафттың бұзылу мәселесі бірінші орынға шыққанын көрсетеді.

КР БФМ география Институтының қазақстандық галымдарының жұмыстары, оның ішінде ландшафттық картада камтылатын арнаулы ақпаратта негізделген шөлелітті аймактарды ландшафттық-экологиялық типтегі жоніндегі жұмыстар экологиялық картографиялаудагы жаңа кезең болып табылады [8,9]. Ландшафттық-экологиялық типтегі екі кезеңде орындалады. Біріншісі тек табиги-аумактық кешендерді типтегі негізінде құрастырайтын, екіншісі – табиги типтерден басқа, жерлердің пайдалану типтерін, антропогендік өзгерістерді және шаруашылықтың қызметтеннен болған шөлеліттену процесстерін ескереді. Аймактарды ландшафттық-экологиялық типтегінде сондық аймактың қөзінде жай-күйінің ерекшеліктерін көрсететін экологиялық жағдайлардың картасы болып табылады.

Ауыл шаруашылығы өндірісін ұтымды үйимдастыру ландшафттық-экологиялық аудандастыру болып табылады. Ландшафттық-экологиялық аудандастыру ірі аймактардың табиги-шаруашылықтың ерекшеліктері туралы ақпараттың ерекше түрі болып табылады және табиги ресурстардың ұтымды пайдаланудың табиги негізі ретінде қызмет етеді.

Табигат қорғау мақсатындағы ландшафтты-экологиялық аудандастырудың негізгі міндепті табиги-шаруашылықтың ерекшеліктерін, антропогендік әсер етуді ескеріп табигаттың дамуының өзгерісін, табиги-шаруашылықтың жүйелердің ландшафттық-экологиялық күрылымын айқындаумен ғана емес, ауыл шаруашылығы өндірісінің қалыптасқан күрылымының нақты аймактың жер ресурстарының мүмкіндіктері мен табиги жағдайларға сәйкес немесе сәйкесіздігін анықтаумен корытындыланады. Белгіленген аудандардың табиги-экологиялық сипаттамаларында аумақты ауыл шаруашылықтың пайдалану үшін ерекше маңызды жағдайлар мен процестерге көп концій болінеді. Демек, табиги жағдайлар мен ресурстарды есепке алудын, пайдаланудың түрі ретінде жергілікті облыстық және аудандық ауыл шаруашылығы ұйымдарының қажеттіліктерін, жер корын аудандастырудың схемасын өндөуді, яғни оларды табигат ғылымдарының жана жетістіктері негізінде жасауды канагаттандыруы тиіс.

Аумақты үйымдастырудың ландшафтты-экологиялық принципі жер ресурстарының табиги корын және олардың сапалық бағасын талдаудан басталады. Аудандастыру үшін бастапқы материалларды картографиялық тәсіл береді. Мұны аудандастыру схемасын жасау кезінде косымша ретінде ұсынуға болады. Бұл мақсаттарда колда бар топографиялық және аринаулы (такырыптық) карталарды: ландшафттық, ландшафттың антропогендік өзгеруінің, мал азықтық алқаптардың т.б. карталарды қолдану қажет. Бұл тәсіл КР БФМ география Институтының ғалымдарымен орындалған Қазақстанның шөлді аймагының ландшафтты-экологиялық картасын жасау барысында қолданылды [9]. Ландшафттық-экологиялық аудандастырудың тәжірибесінде барынша көп таралғаны аудандастырудың схемасы мен картасын жасаудың бірнеше тәсілдерін қамтитын физика-географиялық тәсіл болып табылады.

Ландшафттық-экологиялық аудандастыру барысында жетекші факторлар кешенін есепке алу әдісін қолдана отырып, ауыл шаруашылығы өндірісіне әсер ететін жергілікті табиги-экологиялық факторларға ерекше коніл болу қажет. Олар қазіргі уақытқа дейін аудандастырудың схемасын жасау барысында ғана емес, жалпы табигатты пайдалануда жеткіліксіз ескеріледі. Ауыл шаруашылығына үлкен дәрежеде әсер ететін табиги-экологиялық факторларды бірнеше топка біріктіруге болады. Мысалы, ауыл шаруашылығы дақылдарының осуіне себеп болатын (топырак құнарлылығы). Бұл топка климатты, топырак типін, су және жылу режимін анықтайтын факторлар кіреді. Сонымен бірге табиги-шаруашылықтың жүйелердің экологиялық жай-куйіне әсер ететін факторлар тобы да жатады.

Кез келген көлемді табиги-экологиялық аудандастыру үшін аппарат көздері аэрофото және гарыштық материалдар болып табылады. Аэрофотосуреттер жергілікті табиги-шаруашылықтың жүйелердің шекараларын айқындауга, кері табиги процестердің әсер ету дәрежесін

анықтауга, табиги-шаруашылықтың жүйелердің сапалық ерекшеліктерін анықтуга мүмкіндік береді. Табигатты күрделі көп функционалды жүйе ретінде қарастыру кезінде аумакты үйымдастыру жобасын жасауга ландшафттың морфологиялық боліктерін жан-жақты кешеніді талдау және бағалау негіз болады. Мұнда жер ресурстарын қорғау және табиги корды арттыру мақсатында ауыл шаруашылығы жерлері мен қажетті мелиоративтік шараларды дұрыс пайдаланудың маңызы зор. Жердің нақты типінің ландшафттың алуан түрлілігін білу табиги процестерді реттеуге себебі тиғізетін агротехникалық шаралардың жүйе-схемасын жасауга мүмкіндік береді. Аумакты үйымдастыру аймактық ерекшеліктерді ескере отырып ландшафттың түрлері мен типі бойынша жіктелуі тиіс, яғни ландшафтқа шаруашылықтың жүктемені оның табиги күрылымына сәйкес реттеу қажет.

Соған сәйкес, жерлерді ландшафттық-экологиялық картографиялау табиги-экологиялық жағдайларды талдау кана коймай, өзінің табиги және экологиялық ерекшеліктері бойынша қандай да бір ауыл шаруашылығы дақылдарына сәйкес келетін жер участасын дұрыс тандауга мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы және жерге орналастыру үшін аумактың табиги касиеттерін ескеру қажеттілігі аграрлық ғылымның қалыптасуының бастапқы кезеңдерінде анықталған болатын. Барлық жағдайларда да жерге орналастыру жобасының негізінде аумактың табиги касиеттерінің жай-куйінің жинақталған корсеткіштерін сипаттайтын маліметтер жатады. Оларға бастапқыда топырақты агрономістік топтау материалдары, жерлердің эрозиялық қауіптілігінің картасының маліметтері, жер корын табиги-ауылшаруашылықтың аудандастыру жөніндегі маліметтер жатты. Академиктер А.Н.Каштанов, А.А.Жученконың жетекшілігімен жүргізілген зерттеулер негізінде, жерге орналастыру барысында экология-ландшафттық және агрозоологиялық екі тәсіл қолданылды [10]. Бірінші тәсіл экология-ландшафттық аймактарды белгілей отырып аумакты ландшафттың белуді ескереді және аумакты агроландшафттың белгілі бір боліктері бойынша құруды қарастырады. Ландшафттық негіздегі жерге орналастыру жобалдау ауыл шаруашылығы қәсіпорнының аумагын экология-ландшафттық аймакқа болуден басталады және экологиялық біркелкі участасында қалыптастырумен аяқталады. Екінші тәсіл – ауыл шаруашылығы есімдіктерінде жеке түрлері немесе топтарына қатысты аумактың агрозоологиялық ерекшеліктерін оқып үйрену және агрозоологиялық біркелкі участасында белгілеу.

Мұнда жерге орналастыру жобалдауының нәтижесі шаруашылықтың жүргізу жүйесін байланыстыру үшін үйымдастырушылық-аумактың негіз ретінде алғашкы агрозоологиялық біркелкі участасында белгілеу болып табылады.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер жарамдылығы бойынша онімді және онімсіз ауыл шаруашылығы алқаптарына болінеді. Жерге

орналастыру жобалары арқылы жүзеге асырылатын бейімделген тәсіл гана аумактың табиги касиеттерін дұрыс ескеруді қамтамасыз етуі мүмкін. Бұл жерді ұтымды пайдалану мен коргауды ұйымдастыру және ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігінің осуі үшін қажетті факторлар мен режимдерді, агрозоологиялық жағдайлар кешенін ескеретіндігімен түсіндірледі.

Аумакты ұйымдастыру аламдардың шаруашылықтың және табигат коргау қызметінің процесінде ерекет ететін объективті экономикалық және биологиялық зандарды ескеруге негізделеді. Соган байланысты аумактың экономикалық және алеуметтік дамуы жерді өндірістің негізгі құралы және кеңістіктік базис ретінде пайдаланумен тікелей байланысты, бұл мәселелер аумактың экологиялық-шаруашылықтың жай-күйімен және оның жерге орналастыруымен байланысты. Соңдаттан жерге орналастыру жердің және басқа табиги ресурстардың сақталуын, қалпына келтірлуін және ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ететін, мемлекеттік және шаруашылықтың шараларды қамтуы тиіс.

Бұл жағдайда жерге орналастыру жобалауының негізгі мазмұны бұл іс-әрекеттердің истижесінде экологиялық түрде тұрақты, өздігінен қалпына келуте бейім ландшафт құруды қамтамасыз ететін, экономикалық, техникалық, экологиялық есептеулермен негізделген аумакты құрумен қорытындыланады.

Экологиялық-ландшафттық тәсілді агрозоологиялық тәсілмен бірге колдану қажет. Мұнда, ландшафттық-экологиялық тәсіл агроландшафттың жалпы күрьышын құрады, ал агрозоологиялық тәсіл оның ішкі мазмұнын толықтырады.

Ішкі шаруашылық жерге орналастыру және шаруашылықты ландшафтты-экологиялық негізде жүргізуің негізгі міндеттері агрожүйелердің өзін-өзі реттеудің табиги механизмдерін қалпына келтіруді қамтамасыз ету, егістік, шабындық, жайылым, су коймаларының тиімді ара катынасын құру, өндірістік, табигат коргау және басқа объективті белгілер негізінде тұрақты агроландшафттарды құру болып табылады.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының аумагын ұйымдастырудың мазмұны накты агроландшафттар аумагында олардың ерекшеліктерін ескере отырып, жерге орналастыру жөніндегі жобалық шешімдерді іске асыру болады. Бұл жағдайда аумакты табигат коргау қагидаларына сәйкес куратын накты белгілер бойынша біріктірілген тұтас, өзара байланысты агроландшафтты элементтер жиынтығы ретінде қарастыруға болады.

1.2 Аумакты ландшафттық-экологиялық ұйымдастырудың мәні және ерекшеліктері

Ландшафттану табиги процестер мен құбылыстарды зерттейтін және жер туралы ғылым мен табиги географиялық ғылымдар жүйесіне жататын

өзіндік ғылым. Ландшафттанудың міндеттері табиги факторлардың және адамның іс-әрекетінің әсерінен ландшафттардың қалыптасу зандылықтарын анықтау.

В.В.Докучаев ландшафт туралы ілімінің негізін қалаушы болып саналады. Ол накты аумактардың табиги жағдайларын зерттеу үшін, табигаттың жеке белгітерін гана емес, тұтас белгін алып, кешенді зерттеу принципін колданды.

Ландшафт деген ұтымды ең алғаш рет неміс ғалымы Л.С.Берг енгізген. Оның пікірінше, жер бедері, климат, есімдік және топырак жамылғысы біртұтас кешенді құрап, жердің белгілі бір аймагында қайталаудың облысты табиги ландшафт деп аныктаган Л.С.Бергтің алғашқы ландшафттық географиясы 1913 жылы Сібір және Түркістан жерлерінің негізінде жазылды. Ландшафттану ілімінің жүйелі негізін Л.С.Берг 1931 жылы жазған еңбектерінде баяндаган. Мұнда ол географиялық кешендердің белгілі бір аймақта қайталауда беретін типтерін, батпақтарды, ормандарды, күмдарды және накты бір аумакпен шектелетін аймактарды ландшафт деп есептеген [11].

Накты аймак исемсе учаскениң аумагында табиги заттарды сапалы анықтау мақсатында «ландшафттық экология» деген түсінікті алғаш рет неміс ғалымы С.Трол енгізді. Басқаша сөзбен айтқанда, ландшафттық экология – табигат балансы жөнінде қорытындылайтын ілім. Ландшафттық кешендер динамикалық дәрежесі бойынша алуан түрлі. Олардың баланстық белгітерін құрайтын сапалық және сандық жағдайын тек қана стационарлық зерттеулер комегімен анықтауга болады.

Кешенді ландшафттық стационарлар, сапалық стационар сиякты табиги ландшафтта болатын сапалық және сандық өзгерістерді зерттеу үшін, аймактық және бүкіл жер шарын қамтитын мониторинг жүйесіне кіреді. Бұл зерттеулердің мақсаты – антропогенді іс-әрекеттерді ескере отырып, ландшафттық-экологиялық болжауларды әзірлеу. Ландшафттық балансты құрайтын ең басты және курделі белгі топырак құнарлылығы болып табылады. Жердің тірі табигатында, көптеген салаларда, әсіресе ауыл және орман шаруашылығында топырак жамылғысы ешнәрсемен мүлдем ауыстырылмайтыны ғылыммен дәлелденген. Сонымен катар, В.А.Ковданың айтуы бойынша, топырак жамылғысы өзінің микроәлемімен бірге әртүрлі ластануларды биологиялық сініргіш, бұзғыш және нейтрализациялау функциясын орындаиды [12].

Ауыл шаруашылықтың ландшафттар ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдалану мақсаттары үшін және соның әсерінен қалыптасады. Әртүрлі рангтері табиги-аумактық кешен – ландшафттар ауыл шаруашылығы өндірісін аумактық ұйымдастыру объектісі ретінде қарастырылады.

Агроландшафттар жалпы табиги ортадан белек қалыптаспайды. Олар табиги жүйемен тығыз байланысты және табигатпен біртұтас жүйені құрай отырып, үнемі олардың әсерінде болады. Демек, ауыл шаруашылықтың ландшафт дегеніміз ауыл шаруашылығының көпжылдық әсерінде болатын

табиги-шаруашылықтың кешен. Агроландшафттар табиги ландшафттарға үксаң болады, себебі оларды пайдалану кезінде ешиәрсө түбекейлі езгермейді. Табиги ландшафттар мен ауыл шаруашылық өндірісі өзара байланысты және төмендегідей екі жүйешеден тұратын біртұтас агроландшафттың жүйені құрайды. Олар: табиги және ауыл шаруашылықтың. Мұндай жүйенің терең-тендік жағдайы ауыл шаруашылықтың ландшафттарды, антропогендік іс-әрекеттерге оның тұрақтылығын ескере отырып, орналастыру арқылы құрылуы мүмкін. Ол үшін ландшафттың геосферамен және басқа ландшафттармен болатын сыртқы байланысын да және зат пен энергияны беруді қамтамасыз ететін ішкі байланысын білу кажет.

Бұл ландшафттардың табигига үксаң болуына қарамастан, табиги және ауыл шаруашылықтың ландшафттар арасында маңызды айырмашылық бар екенін ескеру кажет [13].

Біріншіден, егер табиги ландшафттар ландшафттың сфераның звөлоциясы барысында қалыптасатын болса, ал агроландшафттар маңсағты бағытталған антропогендік іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады.

Екіншіден, табиги ландшафттар есімдіктер мен жануарлардың күрделі де көптүрлі бірлестігімен қамтамасыз етілетін, сыртқы органдың езгерістеріне тұрақтылығымен сипатталады. Мұнда өздігінен реттелу арқылы ландшафттың құрылымы мен биомассасының тұрақтылығын қамтамасыз ететін, ландшафттың-экологиялық терең-тендік қалыптасады. Ал агроландшафт ауыл шаруашылықтың есімдік пен малдың бір түрінен ғана болатын женилділген тұрақсыз жүйе.

Үшіншіден, табиги жүйенің өнімділігі табиги таңдау барысында болатын организмдердің ерекшелігімен анықталады. Агроландшафттардың өнімділігі шаруашылықтың іс-әрекеттердің деңгейімен анықталып, экономикалық және техникалық мүмкіндіктерге байланысты.

Аумакты пайдалану тәсілі және агроландшафттардың белгілі бір типінің пайда болуы көбінесе табиги жағдайлармен анықталады. Барлық материалдердегі кара топыракты жазықтықтарда богарлы егіншілік аудандарының болуы, коңыр топыракты құргақ далалы жазықтықтардың суармалы, ал барлық белдеулердегі дала мен жартылай шөлейттерде жайылымды мал шаруашылықтың аудандардың болуы кездейсоқ смес. Ауылшаруашылықтың ландшафттардың бұрыннан бар жіктеүінде негізінен төрт типі белініп көрсетілген: далалық, шалғынды-жайылымдық, бақшалық және оазистік немесе бақшалы-далалық [11]. Бірақ шалғынды-жайылымдық типке өнімді мал азықтық алқаптар жатқызылуы мүмкін, себебі онда шөп шабу мал жаомен біріктіріледі, ал өнімділігі темен топырактардағы табиги мал азықтық алқаптар, әдетте мал жаю үшін пайдаланылады. Сондықтан оларды әртүрлі типке жатқызу кажет. Сонымен катар казіргі кезде едәуір аумактарда құрылымы, өздігінен реттелуі және пайдаланылу түрі бойынша ерекшеленетін тыңаймалық тип қалыптасты. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, аумакты пайдалану

тәсіліне байланысты агроландшафттардың келесідей негізгі типтерін беліп көрсету ұсынылады: далалық, шалғындық, жайылымдық, бақшалық, оазистік, тыңаймалық.

Агроландшафттың әрбір аймактық-белдеулік типшелерінің әртүрлі топырактық, агроклиматтық ресурстары болады және белгілі бір агротехникалық тәсілдерді қажет етеді. Агроландшафттардың типтерінің арасында түрлері болініп көрсетіледі. Оларды белудің негізгі белгілері, топырак жамылғысы мен бедердің үксастиғы, ал шалғындық, жайылымдық және тыңаймалы ландшафттарда осімдік жамылғысы болып табылады [1].

Далалық ландшафттардың өздігінен реттелуі дәрежесі төмен болады. Топырактың касметі мен далалық ландшафттың өнімділігіне егіншілік жүйесін үлкен асер етеді. Жоғары сапалы агротехникины, тыңайтқыш енгізуі, дақылдарды дұрыс таңдаап, көзектестіріп отыргызууды қарастыратын тиімді егіншілік жүйесі ландшафттың тек өнімділігін жаксартып кана коймай, ландшафтта терең-тендіктің сақталуын қамтамасыз етеді.

Суармалы егіншілік ауданындағы жерге орналастыру ирригациялық жүйелерді орналастырумен, бұрынғыларын қайта құрумен байланысты күрделі маселелерді шешеді. Мұнда ол жер коры ландшафтының геоморфологиялық, гидрологиялық және топырактық жағдайларының зерттеу материалдарына негізделеді. Бұл материалдарды талдау жерге орналастырушыға қажетті суару көзін дұрыс таңдауға, каналдар мен су жинау көздерін орналастыруды жоспарлауга, яғни ауыспалы егістік аумагын суару жүйесін ұтымды орналастырумен байланыста жүргізуге мүмкіншілік береді.

Еліміздің құрғақ және жартылай құрғақ табиги аймактарында суармалы егіншіліктиң контеген мәселелерін дұрыс шешу үшін жерге орналастыру жоспарынан басқа, геоморфологиялық, морфологиялық, торттік қабатты, гидрологиялық және ландшафттың тақырыптық табиги карталардың үлкен маңызы бар. Олар жер бедері, құрамы, жер асты суларының сипаты, топырак түрлері туралы ғылыми-акпараттық мәліметтерді беріп кана коймай, ландшафттың морфологиялық құрылымын дұрыс бағалауга, аумакты ұтымдастыру барысында тиімді суармалы егіншілік үшін олардың он және теріс ерекшеліктерін айқындауга мүмкіндік береді [14].

Геоморфологиялық және морфологиялық карталар суару тәсілін дұрыс таңдау үшін аумак бетінің еністігін бағалауга мүмкіндік береді. 0,02-0,05 аралығындағы сіністіктер беткейлерді террасалауды және жанбырлатуды талап ететін, ирригациялық катынаста кын игерілетін аумактарды сипаттайтыны. Мұндай участкелер таулы аңгарларда және тобелі жазықтар арасында орналасқан. Ирі өзендердің арналарының еністігі 0,0005, кіші өзендер мен ірі жыра арналары, өзен террасалары – 0,002-0,005. Ирригацияда 0,002 еністігі суару тәсілін жолақтар мен жүйектер

бойынша қолдану мүмкіндігінің шекарасын, сондай-ақ күріш себуді дамытудың жер бедері бойынша тиімді аймагын аныктайды.

Жер корын суару максатында жарамдылығын бағалау үшін топыракты талдаудың маңызы зор. Ирригациялық каналдарды жобалау барысында топырак грунттарының шоғуін ескеру қажет. Сондай-ақ жер асты суларының терендігін, минералдануын және ағысын ескеру қажет. Жайылмалы-атыраулы аумактардың жер асты сулары атмосфералық жауын-шашындар мен сел суларының шоғырлану есебінен қалыптасады. Олардың терендігі геоморфологиялық жағдайларға байланысты 1-6 м аралығында ауытқиды. Жер асты суының режимі өзендер режимімен байланысты.

Суармалы егіншілікті ұйымдастыру үшін жер корының топырак-мелиоративтік жағдайларын бағалау барысында топырактың арохимиялық сипаттамасын біліп, эрозияга, тұзданута, батпақтануга ұшыраган жер көлемдерін айқындау қажет. Суармалы жүйелерді жобалау барысындағы кателіктер себебінен шаруашылық экономикасына залал келтіретін табиги процестер мен күбылыстар пайда болады. Олардың мысалы плотиналардың теменгі сағасында тогандар тубінің батпақтануы, суармалы жерлерде су эрозиясының, жыралардың пайда болуын айтуда болады.

Сондықтан, суармалы егіншілік аймагын ұйымдастыру барысындағы ландшафттық қағида бұрыннан бар және келешектегі суармалы аумактарға жеке тәсілдерді аныктайтын табиги факторлар кешенін ескеру негізінде жер корын жан-жакты бағалауды талап етеді.

Ландшафттың ресурсты ұдайы өндіруші функциясы өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, орман шаруашылығы және т.б.салаларда адамдардың өндірістік іс-әрекеті кезінде жүзеге асырылады. Ландшафт ресурс өндірісінің кайнар көзі ретінде, ал ауыл және орман шаруашылығы биомасса өндірісінің табиги механизмі ретінде жіне қарастырылады. Ландшафт материалдық ресурстарды бере отырып және адам омірі үшін жағдай жасап, табигат қорғау функциясын орындаиды. Ландшафттардың экологиялық қасиеттері антропогенді іс-әрекеттің жағымсыз жактарын жоютын, әртүрлі табигат қорғау шараларын жүзеге асыру кезінде жақсарады.

Аграрлық ғылымда егіншіліктің бейімделген-ландшафттық жүйесін дамыту ерекше орын алады, ол мыналарды ескереді:

- ауыл шаруашылығы енімдеріне қоғамдық қажеттілік;
 - жерлердің агроэкологиялық параметрлері (табиги-ресурстық қасиеттері);
 - ауыл шаруашылығы дақылдарының агроэкологиялық талаптары және т.б.
- Бейімделген-ландшафттық жүйенін мәні жерлерді тиімді шаруашылықтың пайдалану олардың агроэкологиялық топтар бойынша белінуін ескеріп, агроландшафттың тұрқастылығын және топырак құнарлылығын қалпына келтіруді қамтамасыз ететін табиги және өндірістік ресурстарға, нарық конъюнктурасына сәйкес жүргізлетіндігімен қорытындыланады [15].

Ішкі шаруашылық жерге орналастыру жобасының және шаруашылықтың ландшафттық-экологиялық негізде жүргізуін негізгі міндеттері агрозажуылардың өзін-өзі реттеуінің табиги механизмдерін қалпына келтіру; егістік, шабындық, жайылымдар арасындағы тиімді ара қатынасқа жету; өндірістік, табигат қорғау және басқа объективті критерийлер негізінде тұрқасты агроландшафттарды құру болып табылады.

Ауыл шаруашылығы қасіпорындарының аймагын ұйымдастырудың мазмұны нақты агроландшафттар аймагында олардың ерекшеліктерін ескеріп, жерге орналастыру жөніндегі жобалық шешімдерді іске асыру болуы тиіс. Бұл жағдайда аумакты табигат қорғау принциптеріне сәйкес қурылған тиісті белгілер бойынша өзара біркірілген агроландшафттың элементтердің тұтас жиынтығы ретінде қарастыруға болады.

Жерге орналастырудың міндеті тиімді агроландшафттарды құрумен және өзін-өзі реттейтін жүйелер ретінде олардың функцияларын қалпына келтірумен қорытындыланады. Бұл экологиялық тұрқасты агроландшафттарды құруға, олардың бүліну процестерін болдырмауга экеледі. Соган байланысты аумакты ландшафттық-экологиялық негізде ұйымдастыруға келесі таланттар койылады:

1.Аумакты ұйымдастыру барысында алеуметтік-табиги кешендерге қамтылатын агроландшафттарды құру, алеуметтік және өндірістік инфрақұрылым элементтерін орналастыру, агроландшафттардың тұрқастылығын арттыру, егістік, мал азықтық алқаптарды және копжылдық експлордерді тиімді және экологиялық негізделген түрде пайдалану үшін жағдайлар жасау.

2.Аумакты ұйымдастыру агроландшафттың барлық аймагын қамтудың сирткі табиги және антропогенді факторлардың әсер етүі нәтижесінде болатын агроландшафттардың өзгерістерді ескеру; басқа антропогенді ландшафттармен байланысын қамтамасыз етү және олардың жай-куйінің өзгерістерін ескеру; агроландшафтты тиімділеп қайта құру.

3.Аумакты ұйымдастыру барысында агроландшафттар мен олардың элементтерін құрып кана коймай, олардың күтіп-балтау және басқару режимдерін анықтау қажет. Бұл агроландшафттардагы басқару мен өзін-өзі ұйымдастыру процестерінің құрделі жиынтықтарын ескеру қажеттілігіне байланысты.

4.Аумакты ұйымдастыру кезіндегі қоршаган органды қорғау мен табиги ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі шараларды аумактың ерекшеліктеріне байланысты жобалап, жүзеге асыру қажет [16].

Жерге орналастыру процесінде:

- антропогенді ландшафттардың тиімді құрылымын белгілейді;
- агроландшафттың барлық элементтері мен олардың көлемдерінің ұтымды конфигурациясын анықтайады;
- агроландшафттың элементтерін уақыт және кеңістік бойынша экологиялық негізделген түрде орналастырады.

Ауыспалы егістіктерді орналастыруға әрбір табиги меженің топырак-экологиялық жай-куйін талдау алғышарт болады. Топырақтың қасиеттеріне, жер бедері, бұлғын процестерінің дәрежесі мен сипаттына байланысты жерлердің санаттар бойынша контурлары белгінеді. Пайдаланудың бірдей карқындылығын, бірдей агротехниканы талап ететін және ауыл шаруашылығы дақылдарының белгілі бір жынытығын енгізу жарамды жер участкерлерін агроландшафттық участкеге біріктіреді. Генетикалық шарттары бойынша біркелкі участкерлер агроландшафтты массивті құрайды. Әрбір участке үшін берілген жағдайларға бейімделген ауыспалы егістікте құрады. Осылайша әрбір табиги меже шегінде берілген ландшафттық участкенің топырак-экологиялық жағдайларына бейімделген ез ауыспалы егістігін орналастырады.

Аумактың табигаттық корғау бағытында үйімдастырылуын бағалау үшін жерге орналастыруға дейін және жоба бойынша экологиялық көрсеткіштерін есептейді. Оларға аумактың экологиялық тұрактылығының коэффициенті; аумактың экологиялық түрлілік индексі; агроландшафттардың онімділік индексі; антропогенді жүктеме коэффициенті; егістіктерін агроэкологиялық біркелкі участкелердің саны және оргаша көлемі; аумактың экологиялық алуан түрлілігін және тұрактылығын сипаттайтын басқа да көрсеткіштер жатады.

2 Қызылорда қаласының табиги-экологиялық жағдайларының сипаттамасы

2.1 Зерттеу аймагының физика-географиялық және агроклиматтық ерекшеліктері

Қызылорда облысының әкімшілік аумағы 1938 жылы құрылған. Қызылорда облысы Республикадагы ірі әкімшілік аумақтардың бірі, жер көлемі 228,1 мың км² құрайды. Облыс халқының саны 624,5 мың адам.

Қызылорда облысы тортінші ретті қабаттардан құрылған, Сырдария озенінің ежелгі аллювијлі жазығында орналасқан және жер бедері жазық Тұран ойнатының көп болған алады. Оның құрамында батысында Араб тенізінің солтүстік және шығыс боліктері, онтүстігінде – Қызылқұм шолынің солтүстік болігі, солтүстігінде – Араб маңындағы Қарақұм, Арысқұм және Орталық Қазақстан шетінің шөлді үстірті кіреді. Абсолюттік белгілері онтүстік-шығысында 200 метрден, батысында Араб тенізі жағалауына дейін - 53 метрге дейін. Сырдария озенінің он жағалауы бойынша идет онтүстік-шығысында облыс шегіне шағын кеңістікпен Картау жотасының шеті кіреді [17].

Қызылорда облысы шығысында және онтүстік-шығысында Онтүстік Қазақстан, солтүстігінде – Қараганды, солтүстік-батысында – Ақтөбе облыстарымен, онтүстігінде - Өзбекстан Республикасымен шектеседі.

Қызылорда қаласы Қазақстан Республикасының онтүстігінде орналасқан, Қызылорда облысының әкімшіліктік орталығы болып табылады. Қызылорда қаласының аумағы Сырдария озенінің он жағалауында орналасқан, солтүстік-батыстан онтүстік батыска қарай 15 километрге созылып жатыр. Қызылорда қаласы 8 әкімшіліктік-аумактық бірлікті камтиды: Қызылорда қаласы, Таобегет және Белкел қала тиітес қыстактары және Қызылжар, Қызылөзек, Ақсаут, Қосшыңырау, Ақжарма ауылдары округтері.

Зерттелетін аумак физика-географиялық жағынан Тұран жазығының томенгі Сырдария маңында жатады. Ол Сырдария озенің анғарының томенгі шығында орналасқан аккумулятивті жазықты алып жатыр.

Жер бетінің бедері оның геологиялық құрылымына байланысты. Осы заңдылық аясында Сырдария ойнаты орналасқан атыраулық жазыққа Қызылорда-Араб тенізі бағытында тұзу сзызытың бойымен салынған геологиялық кесіндін зерттегендеге шұнқырдың табанындағы үштік-бор шөгіндісінде беткі кабатының динамикасын көрсететін малімет алынды. Ол ескі шөгіндінің бетін күнгірттеу жасыл-сұрғылт саз және қызылт түсті шөгінділер бүркеп жатыр.

Қызылорда қаласының аймагында жүргізілген бұргылау байырғы салын беткі кабаты 40-50 м терендікте жатқанын көрсетті. Қызылорда қаласынан Солтүстік-Шығыска 60 км жердегі Шүкіркүмда бұл көрсеткіш 70 м болса, Сырдарияның бойымен Тартогай станасына жақындағанда

белгі 70-80 м, ал Сарысу және Шу (Телікөлдің маңайы) өзендерінің төменгі ағысында -100-110 метрге дейін көтеріледі. Үштік-бор шегіндісінің биіктесі Жосалының төнгерігінде байқалады, биіктігі 100 м.

Жазықтың әр белгінде торттік шөгінділердің қалындығы біркелкі емес. Төменгі бірінші кабаттың қалындығы 7 метрден аспайтын майда тас аралас құм мен саздан тұрады. Шұпқырдың орталық тұсында қазіргі Қызылорда қаласы мен Теренөзектің тұрган жеріндегі екінші кабаттың қалындығы 60-80 метр болатын үрінді күмниң қалындығы шетке қарай жұқара береді [17].

Қызылорда қаласының гидроэкологиялық жағдайы Сырдария өзенінің орналасуымен аныкталады. Сырдария өзені қаланы және оған жақын елді мекендерді сүмен жабдықтаудың басты қозғалысы табылады. Қызылорда қаласының аумағында өзен суы судың ластану индексіне сәйкес ете ластанған санатқа жатады.

Қаланың экология-географиялық жағдайын оқып-үйренудің маңызды аспектісі көршілес, межелес аумактардың экологиялық жай-күйін талдау болып табылады. Облыс аумағы табиги-климаттық жағдайлар бойынша үш аймаққа болінеді: бірінші (онтүстік) – Жанақорған және Шиелі; екінші (ортаса) – Кармакши, Жалғаш, Сырдария және Қызылорда қаласының аумағы; үшінші (солтүстік) – Қазалы және Арап аудандары [18].

Қызылорда қаласының климаты шұғыл континенттігімен, құрғақ жазымен, ылғалдылығы төмөндігімен және суық қысымен ерекшеленеді.

Қысы қыска, кар жамылғысы тұрақсыз. Ең суық қантар айының орташа температурасы $-5^{\circ}\text{--}14^{\circ}\text{C}$. Қарлы борандар сирек болады, қыс маусымында орташа 1-6 күн.

Көктем кардың тез еруімен, температураның жоғарылауымен және оның тауліктік ауытқуымен сипатталады. Бұл уақытта ауа температурасы 0°C -қа дейін төмөндеғен суыктар мен қыска уақытты қар жамылғылары кездесуі мүмкін. Жылдың ең ыстық айы – орташа ауа температурасы $35,8\text{--}40,6^{\circ}\text{C}$ болатын шілде айы, кейде ауа температурасы $45,9^{\circ}\text{C}$ дейін және одан жоғары көтеріледі.

Ауаның орташа температурасы $+5^{\circ}\text{C}$ жоғары вегетациялық кезеңнің ұзактығы жылтына 217-225 күнді құрайды, ол 15-25 наурыздан басталып және 30 казан-10 қарашага дейін жалғасады. Аязсыз кезеңдер 150-160 күнге созылады.

Жыл маусымдары бойынша жауын-шашының біркелкі емес. Жауын-шашының көп мөлшері қыскы-көктемінде кезеңге келеді.

Кесте 1 – Жауын шашының жыл маусымдары бойынша мөлшері

қыс		көктем		жаз		күз	
мм	%	мм	%	мм	%	мм	%
38,9	29,9	53,9	41,4	11,0	8,5	26,3	20,2

Қызылорда қаласына түсстін жауын-шашының мөлшері 129 мм құрайды, бұл облыстың солтүстігіне қарғанда біршама аз (Қазальда 178 мм). Жауын-шашының тауліктік шамасы 41 мм. Жауын-шашының кезеңдер жашын күнге дейін байқалады, кейбір жылдардың көктемінде аяларда да жауын-шашының болмауы байқалады. Жылтына 50 күнге дейін $\geq 0,1$ мм жауын-шашының байқалады. Сәуір-қыркүйек айлары кезеңінде 41,6 мм жауын-шашының түсті, бұл аймактың ете құрғақтығын билдіреді.

Алғашкы күнгі аялдар казан айының бірінші және екінші онкүндігінде пайда болады, оның биіктігі 5-10 см құрайды. Көктемде кар ақпан айының сонында – наурыз айының басында ериді. Сәуір айының алғашкы онкүндігінде ортша ауа температурасы 10°C -тан жогары жыл кезеңі басталады. Мұнымен күріш, жүгері, дәнді дақылдар, кекөніс, бақша және картоп дақылдарын егу, себу және отыргызуудың басталуы байланысты [19].

2-ші кестеде Қызылорда облысының климаттық жағдайларының сипаттамасы беріледі.

Метро- станицилар	кантар	акпан	наурыз	сүзүр	мамыр	май	шілде	тамыз	жыныс	қазан	қараша	жетекшес	жыныс
Kazmorpark	-17.3	-7.2	9.8	15.1	23.4	26.7	29.6	27.6	17.9	11.6	3.9	-4.2	11.4
Арал	-21.1	-12.5	7.5	13.6	21.1	25.4	28.8	27.1	17.1	10.5	2.3	-7.4	9.4
Казали	-19.9	-10.6	8.0	13.8	21.6	24.6	28.1	26.0	16.4	10.5	2.5	-6.5	9.5
Кызылорда	-5.4	-1.2	5.8	10.9	20.7	26.0	27.4	25.2	18.6	11.3	3.4	-3.2	11.6
Арал	-17.8	-18.5	2.3	11.5	20.4	27.4	29.0	27.4	18.5	11.0	5.3	-7.3	9.1
Казали	-15.9	-14.6	3.0	12.3	20.7	26.5	28.5	26.4	16.9	9.7	5.2	-6.9	9.3
Кызылорда	-5.5	-8.1	4.5	14.6	22.0	28.7	28.1	27.8	19.3	12.4	6.0	-3.6	12.2
Арал	-8.9	-10.3	-2.7	13.8	19.0	27.6	28.0	27.5	18.6	11.2	5.2	-6.2	10.2
Казали	-7.5	-9.3	0.7	13.9	18.6	26.0	27.8	26.1	17.4	11.0	5.7	-5.8	10.4
Кызылорда	-10.1	-6.3	2.9	15.6	22.3	27.3	28.3	26.8	20.1	11.6	-1.9	-8.8	10.8
Арал	-20.4	-13.5	-1.6	15.0	21.2	27.4	28.8	26.9	17.0	10.3	0.8	-9.9	8.5
Казали	-12.5	-12.2	0.8	16.2	21.3	25.5	28.0	25.8	16.2	10.0	1.2	-9.2	9.2
Кызылорда	-11.2	-14.5	2.7	19.6	22.9	28.7	29.6	27.8	19.2	12.1	2.3	-11.0	10.7
Арал	-13.9	-18.4	-2.1	18.1	21.4	27.6	29.7	27.6	18.2	10.2	0.9	-12.9	8.8
Казали	-12.2	-15.7	0.1	18.2	21.6	26.7	28.2	26.3	17.3	10.0	1.0	-11.6	9.2

Кесте 3 - 2008-2012 жылдардын орталындағы температуралар меншігендегі көрсеткіштер

Кесте 2 - Кызылорда облысының климаттық сипаттамасы, °C

Метро- станицилар	кантар	акпан	наурыз	сүзүр	мамыр	май	шілде	тамыз	жыныс	қазан	қараша	жетекшес	жыныс	2008 жыл
														2009 жыл
Kazmorpark	-17.3	-7.2	9.8	15.1	23.4	26.7	29.6	27.6	17.9	11.6	3.9	-4.2	11.4	20.0
Арал	-21.1	-12.5	7.5	13.6	21.1	25.4	28.8	27.1	17.1	10.5	2.3	-7.4	9.4	20.1
Казали	-19.9	-10.6	8.0	13.8	21.6	24.6	28.1	26.0	16.4	10.5	2.5	-6.5	9.5	20.2
Кызылорда	-5.4	-1.2	5.8	10.9	20.7	26.0	27.4	25.2	18.6	11.3	3.4	-3.2	11.6	20.3
Арал	-17.8	-18.5	2.3	11.5	20.4	27.4	29.0	27.4	18.5	11.0	5.3	-7.3	9.1	20.4
Казали	-15.9	-14.6	3.0	12.3	20.7	26.5	28.5	26.4	16.9	9.7	5.2	-6.9	9.3	20.5
Кызылорда	-5.5	-8.1	4.5	14.6	22.0	28.7	28.1	27.8	19.3	12.4	6.0	-3.6	12.2	20.6
Арал	-8.9	-10.3	-2.7	13.8	19.0	27.6	28.0	27.5	18.6	11.2	5.2	-6.2	10.2	20.7
Казали	-7.5	-9.3	0.7	13.9	18.6	26.0	27.8	26.1	17.4	11.0	5.7	-5.8	10.4	20.8
Кызылорда	-10.1	-6.3	2.9	15.6	22.3	27.3	28.3	26.8	20.1	11.6	-1.9	-8.8	10.8	20.9
Арал	-20.4	-13.5	-1.6	15.0	21.2	27.4	28.8	26.9	17.0	10.3	0.8	-9.9	8.5	21.0
Казали	-12.5	-12.2	0.8	16.2	21.3	25.5	28.0	25.8	16.2	10.0	1.2	-9.2	9.2	21.1

Салыстырмалы ылғалдықтың орташа жылдық мәндері 56-60%. Салыстырмалы ылғалдықтың жоғарғы шамасы желтоқсан айында 80-81%, теменгіші шілде айында 35-40%. Ылғалдану сипаты бойынша аймақ барынша күргакшылықпен сипатталады. Орташа айлық салыстырмалы ылғалдылық маусымда - 34%, шілдеде - 30%, тамызда - 33% болды. Бұл көпжылдық мәліметтеп салыстырганда жазғы кезеңінің барынша күргактығын көрсетеді. Зерткіштері беріледі.

Жел режимине негізінен ширкуляциялық жағдайлар асер етеді. Негізінен солтүстік-шығыс базыныңдағы жиілік күштің жеддер тән. Күштің жел согатын күндердің орташа саны (≥ 15 м/сек) - 39, жоғарысы - 70 кун.

Климаттың күргакшылығының сипаттамасы булану болып табылады. Топырактың табиги ылғалдануы салының жағынан көзделе көзан айның ортасынан соң айның аяттың дейін байкалады.

Кала климатының негізгі факторларын бағалай отырып, қызу көзінің радиациялық-температуралық асерін томендету көніл белу кажет.

Топырактың маусымдық катуының нормативті терендігі мәннән формула бойынша аныкталды: $d_{\text{ft}} = d_0 \sqrt{M_s}$

мұнда

M_s - СНиП РК 2.04-01-2001 бойынша кабылданытын, берілген аудандың орташа айлық көріністердегі абсолюттік мәндердің көсіндісінше тән олшемсөз коэффициент;

д₀-топырақ түріне тәуелді шама.

Кызылорда метеостанциясы үшін коэффициент $M_s = 22.6^{\circ}\text{C}$ тен, күмшашауыттар мен күмдер үшін $d_0 = 0.28$, салдастар - 0.23, күмшашауыттар мен күмдер үшін нормативті маусымдық кату терендігі 1.33 м, салдастар үшін - 1.09 м тен болады [20].

2.2 Аймактың геологиялық құрылымы

Жер бедерінің жазық сипаты төмпешікті күмдердің шағын массивтерімен, сортанды ойпаттармен, сондай-ақ жасанды гимараттармен (күріш чектері, каналдар, арықтар, жер үйінділері және басқалар) арапасады.

Кызылорда облысының аумағында геоморфологиялық жер бетінің үш негізгі тобы болінеді: атыраулы-аллювиалды жазық, үштік-борлы үстірт және Карагатай таулы жерлері [21].

Сырдария өзенінің атыраулы жазығы облыстың орталық белгін алады, оның бойында жер беті күрделі құрылышымен сипатталады және шығысынан батысқа қарай (Тартогай ауылында 140-150 метрден Арап тенізінде 54 метрге дейін) әлсіз еністікке ие, солтүстігінен және онтүстігінен үштік-борлы үстірт (Сарыалан және Каракүм), шығысында - Карагатай жотасының жағалауы шектеседі.

Атыраулық жерлер Карагатай жотасы мен Каракүм үстіртінің арасынан басталады, езен жақтарына көлбей әлсіз болшектенген жазықты және таудан езенге қарай көлбей аллювийлі-проаллювийлі жазықты, тауға жақын - таудан ағатын уақытша су акқыштардың ирек жыраларын білдіреді.

Ежелгі атыраудың солтүстік белгілі Сырдария өзенінің он жағалауы бойынша Карапек ағысынан Карагатай тауына дейін жататын Дариялық Такыр жазығын, солтүстігінен солтүстік-батысқа қарай көлбей Сарыалан үштік-борлы үстіртінің Каракемір көртпешін білдіреді. Жер беті кей жерлерде төмпешікті-

жүйекті күмдердің шағын массивтері кездесетін тегіс жазықтығымен ерекшеленеді.

Атыраудың онтүстік белгілі Сырдарияның сол жағалауының шелді жазықтарын, онтүстігінде Кызылқұмның шектеулі күмдерін қамтиды. Жазықта Жанадария, Куандария, Ескідария, Майлөзек, Інқардария т.б. ариналар жақсы сақталған.

Біртіндеп тақыраға айналатын, Жосалы даласының көң тегіс тақырлы жазығы батыс және онтүстік шеті бойынша құмды массивтері бар жазықтың көністігін білдіреді.

Сырдария өзенінің қазірі атырауының аумағы солтүстік-шығысынан үштік-борлы үстіртпен және Арап маңы Каракүм күмдерімен, онтүстік-шығысынан - Жуанкүм күмдерімен шектеледі [22].

Облыс аумағында көп колемді құмды массивтер алып жатыр. Кызылқұм күмлары күрделі болшектенген жер бедерімен сипатталады. Құмды жүйектердің биектігі солтүстіктен онтүстікке қарай - 10-30 метрге дейін артады.

Арап маңы Каракүм күмдері қазаншұңқырлы-тебелі және жоталы-жазықты жер бедерімен сипатталады, мұнда құмды төмпешіктер көң құмды жазықтармен көзектеседі. Томпешіктер биектігі 20-40 м аралығында ауытқиды.

Сарыалан үстіртінің томенгі шығыс болігін алатын Арысқұм құмдары тобешікі және тобешікі-жүйекті жер бедерін алады.

Облыс аумағында үштік-борлы үстірт Қызылқұм үстіртімен, жер бедері бойынша әртүрлі сипатты Сарыалан үстіртімен, орталық болігінде тегіс жоғары жазықпен, батысында күшті болшектенген жазықты, шығысында Карайсор, Арыс, Есіне т.б. ірі ойпаттармен берілген.

Солтүстік болігімен облыс аумағына кіретін Карагатай жотасының таулы гимараттары донгелек, жұмсақ формалы томенгі таулы жер бедерімен, тегістелген тау боктерімен және болшектенбеген немесе болшектентен таулы жазықпен сипатталады.

